

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ауыл газеті ( қазіргі Қостанай обл. газеті)

ЖАРИЯЛАНДЫ  
22.04.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/137294/>

Ауыл газеті – Қостанай губерниялық партия комитеті мен губаткомының органы ретінде 1923 жылдың 1-қыркүйегінде шыға бастаған басылым. Газеттің алғашқы сандары Челябині қаласында басылған.

Алғашқы редакторы – М.Сералин, ал жауапты хатшысы – Б.Майлин болған. М.Сералин 1923 – 1926 жылдар аралығында редакторлық қызмет атқарды. Сол жылдары Казан, Орынбор, Уфа қаласынан әріп, басқа да құралдарды алып келіп, газет Қостанай қаласынан шыға бастаған. Троицк қаласының тұрғыны М.Ибрагимов өз естелігінде «Қостанайдан шығатын қазақша газетке бізді Сералин шақыртты. Ол кезде әріптер арапша еді. Алғашқыда оны салатын касса болмады да, сол кісінің айтуымен үлгісін өзіміз сызып беріп, қолдан жасаттық» дейді.

Газеттің негізгі міндеті ауылды кеңестендіру, жұмысшы-шаруа одағын күшейту, өкіметтің қаулыларын шаруаларға жеткізу болды. “Ауылдың” алғашқы нөмірінде зябь жыртудың пайдасы, Қостанайда кітапхана, педтехнумның ашылғаны туралы жаңалықтар жарияланған. Газет халықтың мәдени-әдеби, қоғамдық-әлеуметтік дүниетанымын жетілдіруге, олардың саяси сауаты мен көзқарасына зор ықпал етті. Қоғамдық санаға қозғау салуда жазу өнерінің айрықша күш екеніне көз жеткізді. «Ауыл» газеті қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір орталығына айнала бастаған.

1924 жылғы газеттің нөмірінен сауатсыздықты жою, ауылшаруашылығы, кооперация, оқу, сайлау мәселелері, мектептегі сауық кештер секілді мәдени-ағарту саласындағы мақалалардың өзекті тақырып болғандығын байқаймыз. Ал 1925 жылғы басты тақырыптар ауылды кеңестендіру, “Қосшы” ұйымын құру, егін және мал шаруашылығының өнімін арттыру болды.

1925 жылы Б.Майлин Қызылорда қаласындағы республикалық баспасөзге ауысты. “Ауыл” газетіне қаламы қарымды тілші М.Жақсылықов алынды. 1928 жылы газет округтік газет болып, “Колхоз жолында” деп аталды. Газеттің 1930 жылғы санында Мұхтар Әуезовтің “Еңлік-Кебек” пьесасы туралы рецензия жарияланған екен. Содан соң 1932 жылы атауы “Социалды еңбек” болып өзгертілді.

1935 жылы 29 шілдеде Қостанай облысы құрылғаннан бастап, облыстық баспасөз органы ретінде “Социалды еңбек” газеті “Сталин жолы” деген атпен қайта басылды.

1936 жылы “Большевиктік жол”, кейін “Коммунизм таңы” деген атпен шығып тұрды. Қазіргі таңда “Қостанай таңы” деген атпен шығады.

Басылымның өңірде беделінің жоғары болып, халық тұрмысына оң әсер ете алуы қазақ публицистикасының негізін қалаушы Мұхамеджан Сералиннің арқасы еді. Сондай-ақ, Бейімбет Майлиннің үлесі жоғары болды.

Басылымға әр жылдары басшылық жасаған Тумыш Сарходжаев, Зиябек Рүстемов, Қайыржан Бекқожин, Беген Байсақалов, Сапаржан Хайдаров, Сейіт Әбдібеков, Бақытжан Жангисин, Сержан Үсенов, Салық Молдахметов, Бақытжан Нұрмұхамедов сияқты көрнекті журналистер болды. Қазіргі таңда “Қостанай таңы” газетінің бас редакторы – Кенжеш Аманова.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аллаберген Қырықбай, Нұсқабайұлы Жарылқасын, Оразай Файзолла. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008).- Алматы: Білім,2010. – 308 бет.
2. Жанұзақ Аязбеков. Сералиннің ауылы // Ана тілі, 17 қараша 2022ж.
- 3.

<https://kostanaytany.kz/page/685/?np=00015292&nl=2&tp=N&na=ARC&sR=01026998&npMWr=53553673>

22 сәуір 2023 ./ Интернет көзінен.

Айнұр Аңламасова

Журналистика 1-курс студенті

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.